



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

17. Бенвенист, Э. О субъективности в языке // Общая лингвистика, 1974. – Б. 282-300.
18. Дейк, Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация, 1989.

УДК 347.78.034

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ КЕЙБІР РЕАЛИЯЛАРДЫҢ АУДАРЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Әбдраманов Олжас Маратұлы

870-950@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Н.Жұмай

Реалия – сөздері эквивалентті емес лексиканың өте ерекше,онымен қоса аса күрделі және мәндес емес категориясы болып табылады. Реалия сөздерінің бірнеше анықтамасы бар. Олардың кейбірін зерттеушілер аударма теориясында қарастырса, ал басқа анықтамаларда реалия түсінігі тілдің бірлігі ретінде айқындалады. Қазіргі лингвистикада реалияның бірауыздан мақұлданған жіктелімі кездеспейді. Кейбір зерттеушілер реалия терминінің орнына, оларды эквивалентті емес лексика немесе фондық анықтама деп атаса, ал басқа зерттеушілер реалияны эквивалентті емес лексиканың бөлек қабаты ретінде қарастырып, өз жіктелімдерін ұсынады.

Ал, реалия сөзіне ғылыми тұрғыда анықтама берген зерттеушілердің еңбектеріне жүгінсек, Г.Д.Томахиннің анықтамасы бойынша, реалия – бұл «белгілі бір ұлтқа және халыққа тән материалды мәдениет заттарының, тарихи деректердің, мемлекеттік институттардың, ұлттық және фольклорды кейіпкерлердің, мифологиялық мақұлықтардың аттары» [1, 13].

Барлық реалия жіктелімдерінің басты ұстанымы – бұл тақырыптық ұстаным болып табылады. Реалия тіл бірлігі категориясы ретінде аудармашыларға өте үлкен қиындық туғызады. Аудару кезінде реалияларды жеткізудің әртүрлі тәсілдері ұсынылатыны белгілі: транскрипция, транслитерация, калькалау, баяндамалы аударма, жақындатылған аударма, трансформационды аударма және гипонимикалық аударма [2, 68].

Аударма жасау барысында қазақ тілінің ұлттық реалия сөздерінің өзге туыстас емес тілге аударылуы өте маңызды және өзекті мәселе болып есептеледі. Өйткені аударманың толыққанды орындалуы ол қамтыған барлық тілдік бірліктерді нақышына келтіріп аударумен тікелей байланысты. Ол әсіресе, сөз жаухарын терген көркем шығармаларды аудару барсында ерекше байқалады.

Бүгінгі күні қазақ әдебиетінде шетел тіліне аударылған сондай шығармалардың бірегейі, ол – «Көшпенділер» трилогиясы. І. Есенберлиннің осы шығармасын ағылшын тіліне 2000 жылы аудармашы Олег Чоракаев аударып оқырман қауымына ұсынған еді. Әрине, аударма сын көтерерлік жағдайда болмаса да, аудармашы Олег Чоракаевтың еңбегі М. Симашконың «Кочевники» атты орысша аудармасының негізінде орындалған болатын. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясына сүйене отырып жиналған этнографиялық және географиялық, сонымен қатар саяси-қоғамдық және әскери жүйе ерекшеліктерін бейнелейтін қазақ ұлттық реалиялар 4 топқа бөлінеді. Бірінші топ этнографиялық топ бойынша қазақ халқының тұрмысы мен еңбегіне, рухани мәдениетіне, салт-дәстүріне, дініне және сөйлеу әдебі ережелеріне қатысты ұлттық реалия сөздері кіретін үлкен топ болып табылады. Мысалы, дорба, кілем, түскиіз, сырмақ, томаға, шатыр, шымылдық т.б.

Екінші топқа жататын аталған шығармада қолданылған саяси-қоғамдық реалиялар қазақ халқы өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін ұлттық боялған лексиканың максималды концентрациясының негізгі ортасы болып табылады. Бұл топқа барлық үш жүздің тайпалары

мен руларының атауларын, әкімшілік-территориялық бірліктер мен орындарды бейнелейтін реалияларды жатқызуға болады. Мысалы, Ақ Орда, Алтын Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, ауыл т.б.

Келесі топты құрайтын әскери реалиялар – бұл белгілі бір ғылымға, әскерге, қару маркасына, әскери техникаға, әскери лауазымға, тарихи оқиғалар мен соғыс батырларына қатысты байланысты тарихи фактілерге тән атаулар. Мысалы, қылыш, найза, қамшы, қанжар, садақ, дулыға т.б.

Соңғы географиялық топқа географиялық нысандар (қалалар, өзендер, таулар), өсімдіктер мен жануарларды бейнелейтін қазақтың ұлттық реалияларын жатқызамыз. Мысалы, Сығанақ, Созақ, Яссы, Сайрам, Ақру т.б.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясында кездескен ұлттық реалияларын орыс және ағылшын тілінде жеткізу тәсілдері сан алуан. Ұлттық реалияларды аударып талдау нәтижесі қазаққа тән ұлттық реалияларын орыс тілінде жеткізудің басты тәсілі 59%-ды құрайтын транскрипция тәсілі екенін көрсетті. Транскрипциядан кейінгі неғұрлым жарамды тәсіл аналогты таңдау (22%) тәсілі болып табылады, транскрипция мен баяндама аударма 12%-ды, калькалау 6%-ды қамтығандығын байқаймыз [3, 8].

Қазақ ұлттық реалияларын ағылшын тіліне аудару кезінде аудармашылар көбінесе транслитерация тәсілін пайдаланады. «Көшпенділер» тарихи трилогиясын аудару үрдісі кезінде де аудармашы орыс тілі нұсқасына сүйінгендіктен, ағылшын тіліндегі транслитерацияланған реалиялар графикалық және фонетикалық жағынан орыс тілінің мәтініне жақын келеді. Мысал ретінде шығармадан үзіндіні қарастырсақ, түпнұсқада: «Жаған керегеге ілулі қытай шамын жағуға кірісті», орысша нұсқасында «Жахан-бике принялась зажигать китайскую лампу, висящую на решетке кереге», ал ағылшын тіліндегі нұсқасында: «Zhakhan-Bikeh began to light a Chinese lamp which was hung up on a keregeh» деп берілген [4, 161].

Тарихи трилогияда қазақ халқының салт-дәстүрлері кең және шынайы суреттелген. Біздің мақсатымыз – олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармасында қалай бейнеленетінін сараптау болып табылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білдіретін реалиялардың транскрипция және транслитерация тәсілдерін қарастырайық. Мәселен, «Той» - торжество, пир. Ас беру жерлеу емес, Дешті Қыпшақ елінің дәстүрі бойынша үлкен той.

Поминки – это не погребение. Они отмечаются большим тоем. They were conducted by the so-called big toi [4,31].

Мұсылман діні түсініктеріне жататын реалияларды орыс және ағылшын тілдеріне жеткізу үшін «Көшпенділер» тарихи трилогиясының аудармашылары транскрипция мен транслитерация тәсілдерін пайдаланады. Мысалы, «Намаз» - (араб тілінің сөзі) күніне бес рет орындалатын мұсылмандық дұға. «Намаз мезгілі болып қалды, - деді хан,...», «Уже время намаза, сказал Абулхаир», «It's time we said our namaze»... Сонымен қатар, «Кебіс» сияқты қазақтың ұлттық аяқ-киімін аудару кезінде аудармашы оны орыс тілінде «кожаные кебши», ал ағылшын тілінде «leather straps» [4, 147] деп жеткізеді. Бірақ кебіс – бұл тек қана былғары кебіс емес, сонымен бірге резинадан жасалуы мүмкін, олар жалаңаш аяққа емес, мәсінің үстінен киіледі. Бұл реалияларды аударудың жақындатылған тәсілі болып табылады.

Еңбек адамын бейнелейтін «құсбегі» және «аталық» реалиялардың орыс тілінде де, ағылшын тілінде де дәл үйлесімділігі жоқ, сондықтан аудармашылар транскрипция тәсілін, сонымен қатар баяндама аударма тәсілін де қолданған. Мәселен, Ол Дешті Қыпшақтағы атақты құсбегінің бірі болатын, Одним из самых знаменитых кушбеги – дрессировщиков охотничьих орлов и соколов во всей степи был молодой султан, One of the most famous kushbegi, the trainers of hunting eagles and hawks in the steppe was a young sultan [4, 15]. Келесі бір мысалда, Сүйіншік сұлтанға көзінің тірісінде осы Саянды аталық етіп қой деп сұрады ғой, Султан Бегим просила назначить аталыком – воспитателем и душеприказчиком его второго сына Суюнчика, Sultan Begim asked the khan to make the young horseman an atalyk, that is the tutor and executor of his second son “Suyunchik” [4, 28].

Аталған шығармадағы кісінің атақ-дәрежесін білдіретін «Хакім» сөзі ағылшын тіліне

аударылғанда «the city's head»-«қала басшысы» деп аударылған мысалды да ұшыратамыз. Түпнұсқада: «Хакім Мұхамед-Мазид тархан Яссыға керуен тартып келген қазақ саудагерлерінің малын тартып алып, өздерін құмға қуып салыпты». Орысша нұсқасында «Казахские люди пригнали в Яссы на продажу скот. Хаким велел отобрать у них скот, а самих выгнать в пески» деп берілсе, ағылшынша аудармасында «Kazakhs brought their livestock for sale to Yassy. The city's head ordered to take away the cattle and chase the Kazakhs out to the sands» [4, 131].

Берілген топ реалияларының салыстырмалы-аудармалық талдауы аудармашылардың аударманың орыс мәтінінде транскрипция тәсілін, ал ағылшын тілінде транслитерация тәсілін пайдаланатынын көрсетті. Берілген жағдай ағылшын тіліндегі транслитерацияланған реалиялар графикалық және фонетикалық жағынан түпнұсқа реалияларына емес, орыс тілінің реалияларына жақын келетінін көрсетіп отыр.

Этнографиялық реалияларын орыс тіліне аударудың негізгі тәсілі – транскрипция - 47%, ағылшын тілінде мағынасы ұқсас сөз табу – 49% құрайды. 45 саяси-қоғамдық реалияларды аударуда орыс тілінде транскрипция – 82%, ағылшын тілінде транслитерация – 82% тәсілдері пайдаланылды. 30 әскери реалияларын орыс тіліне аудару кезінде мағынасы ұқсас сөздер табу - 50%, ал ағылшын тілінде – 66% құрайды. 20 географиялық реалияларын аудару нәтижесі орыс тілінде транскрипция – 100%, ал ағылшын тілінде транслитерация – 75% құрайтынын көрсетті [3, 9].

Ұлттық тілдің реалияларының транскрипцияланған атаулары еуропалық мәдениетке түсініксіз болу мүмкіндігін ескере отырып, аудармашылар сонымен қатар бұл реалиялардың сапасын, белгілерін білдіретін аударманың баяндама аударма тәсілін пайдаланады. Сөйтіп, аударманың күрделі мәселелерінің бірі кірме емес реалия сөздерінің мазмұнын шетел тіліне жеткізу мәселесінің туындайтыны даусыз. Аудармашы сөздің пәндік мағынасымен қатар, оның ұлттық бояуын жеткізе білуі керек. Сондықтан аудармашы саяси жүйе, экономика, ғылым бойынша ғана емес, сонымен қатар түпнұсқа және аударма тілі елдерінің мәдениетінен, салт дәстүрінен, ділі мен дінінен терең де жан жақты білімі болуы талап етіледі. Алайда, бұл әр аудармашының қолынан келе бермейді. Осының салдарынан келешек зерттеулердің мақсатын анықтайтын реалия сөздерін шетел тіліне аударуды үйрету әдістемесін дамыту қажеттігі туындап отыр.

Қолданылған әдебиет

1. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре. – Москва, 1997, 300 б.
2. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана, 2004, 192 б.
3. Нұрсәуле Рсалиева. «Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасы қандай?» («Қазақ әдебиеті» 29.07.2005.
4. Есенберлин И. Nomads (Кочевники) Роман-трилогия. – Алматы: Фонд им. И. Есенберлина, 1999. – 466б.

УДК 347.78.034

ТРАНСФОРМАЦИИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ВИНО ИЗ ОДУВАНЧИКОВ» РЭЯ БРЭДБЕРИ В ПЕРЕВОДЕ Э.КАБАЛЕВСКОЙ

Бағдат Еңлік Бағдатқызы

yenlek@mail.ru

Студентка 2 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Кондыбаева А.Т.

Среди многочисленных сложных проблем, которые изучает современное языкознание, важное место занимает изучение лингвистических аспектов межъязыковой речевой деятельности, которую называют «переводом» или «переводческой деятельностью» [1].